

ХҒТАР 14.27.09

ӨОЖ 379.8:341.232

<https://doi.org/10.52269/RWEP2522276>

БАЛАЛАРДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Уалиханова А.* – PhD докторанты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Абуов А.Е. – философия ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Кайа Камиль – профессор, доктор, Гелишим университеті, Стамбул қ., Түркия.

Бүгінгі күні елімізде жас ұрпақтың рухани құндылықтарын қалыптастыру білім мен тәрбие беру ұйымдарының, отбасының, жалпы қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі болып отырғаны мәлім. Өйткені қазіргі уақыт адамзат тарихының жалпы дамуында ең бір алаңдаулы уақыт болып отыр. Ғылым мен техниканың қарқындап дамуы адам баласы үшін игіліктер қатарын арттырумен қатар, қоғамда тұрақсыздық, белгісіздік, дұдамалдылық пен арсыздық, мейірімсіздік, адамдар болмысында жалпы адамзатқа қауіп төндіретін жат мінездердің белең алуына әкелуде. Біздің еліміз ғана емес, қазіргі күні бүкіл әлем халықтары рухани дағдарысты бастан кешіп отырғаны белгілі. Бұл бүгінде барлығымыз мойындауға тиіс ащы шындық. Ал енді жас ұрпақ әрбір қоғамның, мемлекеттің басты құндылығы дейтін болсақ, ең алдымен осы құндылығымыз аталған дағдарыстан зардап шегуде. Ұсынылып отырған мақала зерттеушінің диссертациялық жұмысының бір бөлігі ретінде балалардың рухани құндылықтарын мәдени-тынығу жұмысының құралдары арқылы қалыптастыру мәселесіне арналады. Автор мақалада зерттеу тақырыбына қатысты әдебиеттерге шолу жасау негізінде бос уақыт жағдайында балалардың бойында рухани құндылықтарды тәрбиелеудің және тұлғалық қалыптастырудың мәні мен мазмұнын ашуды, «бос уақыт», «құндылық», «рухани құндылықтар», «мәдени-тынығу жұмысы» ұғымдарына талдау жасауды көздейді. Автор рухани құндылықтарды қалыптастыруда бос уақыт пен бос уақыттағы мәдени-тынығу жұмысының әлеуетіне ерекше назар аударады. Зерттеудің мақсаты – балалардың рухани құндылықтарын қалыптастыруда мәдени-тынығу жұмысының мүмкіндіктерін көрсету. Зерттеу әдістері: мақаланы жазу барысында зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-теориялық және әдістемелік әдбиеттерді талдау.

Түйінді сөздер: құндылық, рухани құндылық, бос уақыт, мәдени-тынығу жұмысы, тәрбие, тынығу.

ВОЗМОЖНОСТИ КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВОЙ РАБОТЫ В ФОРМИРОВАНИИ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ ДЕТЕЙ

Уалиханова А.* – PhD докторант, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Абуов А.Е. – доктор философских наук, профессор, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Кайа Камиль – профессор, доктор, Университет Гелишим, г. Стамбул, Турция.

Как известно, сегодня формирование духовных ценностей подрастающего поколения является одной из главных задач, стоящих перед организациями образования и воспитания, семьей, обществом в целом. Потому что настоящее время является наиболее тревожным временем в общем развитии истории человечества. Интенсивное развитие науки и техники, наряду с увеличением ряда благ для человека, в обществе нарастают нестабильность, неопределенность, ажиотаж и беспринципность, недоброжелательность, чуждые черты, угрожающие человечеству в целом. Известно, что не только наша страна, но и народы всего мира сегодня переживают духовный кризис. Это горькая правда, которую мы все должны признать сегодня. А теперь, когда молодое поколение говорит о главной ценности каждого общества, государства, эта ценность в первую очередь страдает от данного кризиса. Данная статья будет посвящена проблеме формирования духовных ценностей детей средствами культурно-досуговой работы в условиях досуга, представляя часть диссертационной работы одного из исследователей. Авторы предполагают раскрытие сущности и содержания воспитания у детей духовных ценностей и формирования личности на основе обзора литературы по теме исследования, анализа понятий «досуг», «ценность», «духовные ценности», «культурно-досуговая работа». Анализ данных понятий проводится с педагогической, философской, культурологической точек зрения. Особое внимание в формировании духовных ценностей авторы уделяют потенциалу культурно-досуговой работы в свободное время, наряду с другими сферами жизни. Цель исследования – показать возможности

культурно-досуговой работы в формировании духовных ценностей детей. Методы исследования: анализ научно-теоретических и методических методик по проблеме исследования.

Ключевые слова: ценность, духовная ценность, досуг, культурно-досуговая работа, воспитание, отдых.

THE POTENTIAL OF CULTURAL AND LEISURE ACTIVITIES IN SHAPING CHILDREN'S SPIRITUAL VALUES

Ualikhanova A.* – PhD student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Abuov A.Y. – PhD, Professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Kaya Kamil – Professor, Doctor, Gelisim University, Istanbul, Turkey.

As is widely recognized, the formation of spiritual values among the younger generation is one of the primary responsibilities of educational and upbringing institutions, the family, and society at large, since the present era is considered one of the most turbulent and uncertain in the overall course of human history. While the rapid advancement of science and technology has brought numerous benefits, it has also contributed to increasing societal instability, uncertainty, hullabaloo, and a rise in unethical behavior and malevolence—traits that pose significant threats to humanity as a whole.

It is known that not only our country, but also the peoples of the whole world are experiencing a spiritual crisis today. This is a bitter truth that we all have to admit. At present, when the younger generation reflects on the fundamental values of any society or state, it is precisely these core values that are most affected by the ongoing spiritual crisis.

The proposed article is devoted to the formation of children's spiritual values by means of cultural and leisure activities as part of the researcher's thesis paper. The author assumes the disclosure of the essence and content of the upbringing of spiritual values in children and the personality formation based on a review of the literature dedicated to the article research topic, analyzes the concepts of "leisure", "value", "spiritual values", "cultural and leisure activities". The review of these concepts is carried out from pedagogical, philosophical, cultural perspectives. The author pays particular attention to the potential of cultural and leisure activities in free time, along with other spheres of life, in the formation of spiritual values. The research purpose is to demonstrate the possibilities of cultural and leisure activities in fostering spiritual values of children. Research methods: analysis of scientific-theoretical and methodological techniques related to research topic while writing the manuscript.

Key words: value, spiritual value, leisure, cultural and leisure activities, education, recreation.

Кіріспе. XXI ғасыр бүкіл әлемде алпауыт мемлекеттердің барлығы техногендік жағдайға мән беріп, тәрбиені екінші орынға шығарған, технологияға басым назар аударып, адами қасиеттерге тәрбиелеуді босатып алған уақыт болып отыр. Қазіргі күні әрбірімізді алаңдатып отырған басты мәселе – ересектер ғана емес, балалардың да виртуалды әлемге тәуелді болып, оның біздің бүкіл тіршілік әрекетіміздің діңгегіне айналуы. Бүгінде біз өз өмірімізді компьютерсіз, әлеуметтік желілерсіз, ғаламторсыз елестете алмайтын жағдайға жеттік.

Балалар мен ересектердің бос уақытының басым бөлігі осы виртуалды әлемнің құшағында өтуде. Ал бос уақыт адамның тұлғалық қалыптасуы үшін қаншалықты маңызды екенін қазіргі күні ғалымдардың адамзаттың тіршілік әрекетіне қауіп төндіретін үш мәселенің бірі ретінде бос уақытты атауынан-ақ көруге болады.

Компьютерлік әлемі өзінің интерактивтілігімен, қолжетімділігімен және қарапайымдылығымен балалар үшін аса тартымды, оған қосымша ата-аналар үшін де балалардың назарын бір жерге шоғырландырудың ең бір қарапайым құралы да оны жай ғана компьютерге «байлай» салу болып отыр. Ата-аналар осылайша еш алаңдамастан өз шаруаларымен айналысу үшін көбірек уақыт қалады, сондай-ақ балаларға қандай да бір іс-әрекет түрін қосымша іздеп отырудың қажеттілігі жоқ деп есептейді. Яғни компьютерді (гаджеттерді) көбіне тынығу әрекетінің өзге тиімді түрлеріне жеңіл айырбастайды. Бұл әрине, өкінішті-ақ. Көп жағдайда ата-аналар бұл арқылы баланың денсаулығына, тұлғалық дамуына тосқауыл жасап жастқандарын түсіне бермейді. Өйткені, баланың дамуы үшін білім мен әлеуметтік орта өте маңызды. Біздің өмір салтымыз бен бос уақытты өткізу тәсіліміз біздің іс-әрекетімізбен және біз өмір сүріп жатқан ортамызбен анықталады [1, 779 б.].

Бүгін де балалар арасында қол бос уақытты бос өткізу мәселесі, соның салдары ретінде жат мінез-құлықтар мен күрделі мәселелердің артуы біздің қоғамымызда басты әлеуметтік-мәдени мәселеге айналып отыр. Елімізде рухани қызмет көрсету деңгейі құлдырауға ұшырады. Қоғам дамуының осы бір кезеңінде Жаңа Қазақстан қалыптастыру мәселесі қолға алынды. Еліміздің болашағы ретінде өзін-өзі тарихи ақтаған мол тәжірибелер арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық рухани құндылықтарын жас ұрпақтың санасына сіңіру міндеттері айқындалып отыр. Осы жолда біз

пәрменді құрал ретінде бос уақыт жағдайындағы мәдени-тынығу жұмысының мүмкіндіктерін ерекше атап өткен болар едік.

Елімізді бәсекеге қабілетті алдыңғы елдердің қатарына қосудың стратегиялық мақсаты өскелең ұрпаққа терең білім мен тәрбие беруді жетілдірудің басым бағыттарын дәйектеп, бойына ұлттық құндылықтарды сіңірген жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру қажеттілігін күн тәртібінен түсірмей отыр.

Қазіргі күні ақпараттар ағыны толассыз келіп жатқан жаһандану заманында өскелең ұрпақты ата-баба дәстүрінен алшақтатып, халқымызға жат мінез көріністерін бойына үздіксіз сіңіріп жатқан жас өркенді теріс қылықтардан қорғап, ұлтының шынайы патриоты етіп қалыптастыру үшін жүйелі жұмыстар жасау қажеттілігі артуда.

Жас ұрпақтың тұлға ретінде қалыптасуы түрлі ортада, түрлі факторлардың ықпалымен жүзеге асады. Балалардың ұйымдастырылмаған бос уақыты теріс әдеттердің, салауатты емес өмір салтының қалыптасып, одан әрі балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстың орын алуына әкеледі. Ал дұрыс ұйымдастырылған бос уақыт өсіп келе жатқан тұлғалар үшін әлеуметтік және педагогикалық қолдау көзі болып табылады, ол балалардың қоршаған ортаға белсенді, саналы қатынасын қалыптастырады және балалардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы болып табылады.

Мақсаты: Рухани құндылықтардың мәнін ашу, балалардың бос уақыты жағдайында рухани құндылықтарын қалыптастыруда мәдени-тынығу жұмысының мүмкіндіктерін анықтау.

Анықталған мақсатқа сай келесідей **міндеттер** анықталды:

- философия, мәдениеттану, педагогика саласындағы әдебиеттерге талдау негізінде «құндылық», «рухани құндылық» ұғымдарының мәнін ашу;
- бала тұлғасын қалыптастыруда бос уақыттың маңыздылығын анықтау;
- бос уақыт жағдайында балаларды мәдени-тынығу жұмыстарына тарту арқылы олардың рухани құндылықтарын қалыптастырудың мүмкіндіктерін анықтау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы бойынша алдымызға қойған мақсатқа жету үшін келесідей әдістер кешені қолданылды: зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, мәдениеттанымдық, педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау, мәдени-тынығу саласы бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары мен мәдени-тынығу жұмысы саласында рухани құндылықтарды қалыптастыру тәжірибесіне теориялық талдау, пайымдау, тұжырымдау.

Ғылыми-теориялық және әдіснамалық әдебиеттерге талдау әдісін пайдалану арқылы зерттеу тақырыбының өзектілігі айқындалып, әлеуметтанымдық, философиялық, педагогикалық тұрғыда мәселені жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау. Ұрпақ тәрбиесінде ғасырлар бойы мәнін жоғалтпай, әсіресе бүгінгі ұлттық құндылықтарымызға қайта бет бұрып жатқан уақытта маңыздылығын арттырып отырған халық даналығында көшет кезінде жақсы күтім жасалған ағаштың түзу өсетіні, ал үлкен ағаш болған кезде оған қандай да бір көмек көрсете алмайтындығың жайлы айтылады. Дәл сол сияқты жас ұрпақ тәрбиесінде оның бойында ерте жастан адамгершіліктің, құнды қасиеттердің дәнін себу, халқымыз дәріптеген рухани құндылықтарды қалыптастыру маңызды.

Рухани құндылықтар мәселесі түрлі ғылым салаларының маңызды зерттеу мәселелерінің бірі. Рухани құндылықтарды қалыптастыру мәселесін көптеген шетелдік және отандық ғалымдар өз зерттеулеріне арқау етті. Адамның руханилығы мәселесін қарастыру ежелгі грек философы Платон, Демокрит, Аристотельдің бастау алып, орыс ойшылдары Н.А.Бердяев, В.В.Зенковский, И.А.Илин, Л.П.Будева, А.Ф.Лосев, Н.О.Лосский, В.С.Соловьев т.б. еңбектерінде жалғасын тапты.

В.В.Занков, Е.А.Исаев, Д.А.Леонтьев, В.Д.Щадриков және басқалар руханилық ұғымын психологиялық қырынан қарастырды.

Жас ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды тәрбиелеудің және тұлғалық қалыптастырудың мәні мен мазмұны С.И. Гессен, Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский, В.А. Сухомлинский, Г.Н. Волков, И.В. Загвязинский, А.В. Мудрик, В.А. Сластенин және т.б. ойшылдардың еңбектерінде көрініс тапты.

Жас ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды сіңіріп, тұлғалық сапаларды қалыптастыру мәселелесі қазақтың дана ойшылдары Қ.А. Иассауи, Ж. Баласағұн, Әл-Фараби, А. Иүгінекидің, одан әрі А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, М. Дулатов, Ш. Құдайбердіұлының еңбектеріне арқау болды.

Зерттеу жұмысымызда ең алдымен «құндылық», «рухани құндылық» ұғымдарының мәнін ашу мақсаты көзделді. Философиялық ұғым ретінде құндылық қоғамдағы кез-келген құбылыстың жағымды және жағымсыз жақтарын білдіреді. Грек философы Сократтың «Игілік деген не?» деген сұрақты қоюының өзі құндылықтар философиясының түп-тегі көне замандардан бастау алғанын көрсетеді. Махаббат, шындық, бостандық, сұлулық, жақсылық сияқты ұғымдар философия ғылым ретінде пайда болғанға дейін пайда болды және ғаламдағы үйлесімділікті сақтау үшін өте қажет деп анықталды. Адамдардың қауым болып бірге өмір сүруі олардың үйлесімді қарым-қатынастарының қажеттілігі болып табылады.

И. Кант алғаш рет құндылық ұғымын нақты білімнің бөлігі ретінде қарастырады. Ол бірыңғай әлеуметтік кеңістікті, бірыңғай нормалар мен ережелерді қалыптастырудан тұратын реттеуші

функцияларға мән береді. Алайда, И.Кант өзінің барлық субъективтілігімен құндылықтарды субъект жасамайды, тек өмір барысында оларға ашылады деп сенді. Тек субъект тұрғысынан бір нәрсе мағынаға, құндылыққа ие бола алады. [2, 105-122 бб.]. Бұл тұрғыда И.Кант құндылықтардың объективистік және субъективистік теориялары арасындағы аралық ұстанымды ұстанды.

Г. Риккерт құндылықтардың маңыздылығын бағалай келе, субъектінің әлемге қатынасы мәселесін негізге алатын құндылықтарға жатқызу әдісін тұжырымдайды. Бұл жағдайда құндылық субъект пен жалпы болмыс арасындағы қатынастар пайда болған кезде ғана пайда болатын субъективті-объективті құбылыс ретінде анықталады [3, 54-65 бб.].

Жеке дүниетанымның өзегі бола отырып, құндылықтар жеке тұлғаны әлеуметтендіру үрдісінде бірыңғай сілтеме болып табылады. Әлеуметтік маңызды мағынаға толы олар біртұтас және жалпыға ортақ, жеке тұлға мен әлеуметтік кеңістіктің байланыстырушы буыны ретінде әрекет етеді. Тұлға әлеуметтік кеңістікпен біртұтас болғандықтан, бұл жағдайда құндылықтар оның осы қоғамның дамуындағы қызметінің өлшемі және олардың субъект үшін маңыздылығының өлшемі болып табылады.

Қоғамның бірлігі оның барлық мүшелері арасындағы қарым-қатынастың барлық нормалары мен тәсілдерін қабылдау нәтижесінде пайда болады. Бұл нормалар белгілі бір қоғам субъектілерінің қалаулы қасиеттерін де, материалдық орта мен мәдениеттің белгілі бір қасиеттерін де қалыптастырады.

Профессор Т. Ғабитов адам бойында бала кезден туған тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өзінің төл мәдениеті мен тарихын, ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын игеру арқылы орнығып қалыптасатын адамның болмыс арқылы көрінетін қасиеттер құндылықтар екенін айтады [4, 280 б.].

«Құндылық» ұғымын философиялық категориялардың құрамына енгізген ғалым Г.Лотце енгізді, оларды құбылыстар әлемінен бөліп, адамның рухани болмысымен байланыстырды. Құндылықтар арқылы адам өзінің ойлары мен әрекеттерін әлеуметтік болмыспен ұштастырады, құндылықтар адамның күнделікті бағдары. Құндылықтарды материалдық және рухани деп бөлер болсақ, бүгін бізді қызықтыратыны рухани құндылық мәселесі. Рухани құндылықтарды адамға өмірлік жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін және оның өмірлік бағдары болатын идеалдар мен сенімдер деуге болады. Олар адам өмірін белгілі бір бағытта басқару күшіне ие. Қандай да бір рухани құндылықтарды сол дәуір мен қоғам орнатады, дегенмен осы рухани құндылықтарды қалыптастырушы адамның өзі. Адамның тұлғалық қалыптасуы үшін рухани құндылықтардың маңыздылығы өлшеусіз.

Әл-Фараби өз еңбектерінде адамның рухани құндылықтарын анықтағанда адам бойында жоғарғы ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, ізгі адамды тәрбиелеуде адамның өз әрекеті мен мінезіне жауапкершілікпен қарауы керектігін нақтылайды. Ғұлама ғалымның дүниетанымында интеллектуалды тектілер де адам болмысына имманентті тән. Бұл құндылықтар білімді растайды: ақылды, ізгі, еркін, бақытты болу үшін білімді және білікті болу қажет. Білім – құндылықтарды іске асыру, игеру құралы, жеке адамның, тұтастай қоғамның өркендеуінің басты шарты. Білімнің құндылығын айқындай келе, ғалым тәрбиесіз берілген білімнің адам үшін де, қоғам үшін де қауіпті болатынын айтады. Ғалымның айтуынша, жақсылық пен жамандықты ажыратуға ғылым мүмкіндік береді. Қайырымды мемлекетке мінездеме бере отырып, ол оның ішкі мәнін де ашуға тырысты. Адамзат баласының тату-тәтті көршілес қарым-қатынастар, өзара құрмет, әлеуметтік әділдік пен адалдықтың нәтижесінде орасан рухани биіктерге шығу мүмкіндігі бар екенін тілге тиек етті [5, 71 б.].

Философия ғылымдарының докторы, профессор Ә.Е. Әбуов өз еңбегінде руханилық пен адамгершілік мәселелеріне тарихи тұрғыдан талдау жасай келе, шығыс мәдениетінде адам бойында руханилық пен адамгершілік қасиеттер қалыптастыру бағытына баса бағдар аударылса, батыс дәстүріндегі адам бойындағы прагматикалық қабілеттерді қалыптастыруға ерекше көңіл бөлетіндігін атап өтеді. Ал енді қазіргі күні жаһандану жағдайында білім мен тәрбие жүйесінде осы екі бағыттың арақатынасын сақтай отырып, руханилық пен адамгершілікке басымдық беру қажеттілігін нақтылайды. Өйткені, ғалымның пікірінше руханилықтың дамуы міндетті түрде прагматикалық қабілеттердің артуына септігін тигізері сөзсіз [6, 113 б.].

Адам үшін маңызды рухани құндылықтар ретінде жақсылық, мейрімділік, махаббат, өнер, сұлулық, еркіндік, шығармашылық сияқты құнды қасиеттерді айтамыз. Мұның барлығын адам бойына сіңіру оның ана құрсағында жатқан сәтінен басталып, өмір бойына жүретін үздіксіз үрдіс.

Ал бүгінгі жаһандану жағдайында, өзіміз айтып өткендей адамзат виртуалды әлемге байланған технологиялар заманында жас ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастыру негізін оны төл мәдениетіміздің мұраларымен сусындатып, төл тарихымызбен таныстырып, ұлттық дәстүрлеріміз бен ұлттық мұраларымызға бет бұрғызып, оларды қабылдау, түсіну, қайта жаңғырту сияқты жұмыстар құрайды.

Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында елдің әл-ауқатын, тұрмыстық жағдайын жақсарту мәселесімен қатар, халықтың рухын көтеру, жай ғана білімді емес, тәрбиелі ұрпақ қалыптастыру бағытында қызу пікірталастар жүргізіліп, оны шешу бойынша нақты шешімдер де қабылданды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөзінде бүгінде жас ұрпақтың әлеуметтік желілер арқылы тәлім алуы өте қауіпті үрдіс екенін,

жастарды осы бір жаһанданудың қатерлі ықпалынан барынша сақтау ересектердің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

Осы шешімдердің нәтижесі ретінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі тарапынан дайындалған "Біртұтас тәрбие" бағдарламасында жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударылып, барлық білім беру мекемелеріне енгізілді. Құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделген бұл бағдарламаның басты мақсатының "қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру" [7] ретінде анықталуы да өскелең ұрпақ бойында рухани және ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың бүгінгі қоғамымызда қаншалықты маңыздылыққа ие болып отырғанының дәлелі дер едік. Балалардың рухани құндылықтарын қалыптастыруда мәдени-тынығу жұмысының мүмкіндіктерін қарастырғанда «бос уақыт», «тынығу», «мәдени-тынығу жұмысы» ұғымдарына тоқтау маңызды. Бұл ұғымдар біз анықтаған мәселеде түйінді ұғымдар болып табылады.

Нобель сыйлығының лауреаты, ағылшын физигі Денис Габордың болжауынша болашақта адамзаттың тіршілігіне қауіп төндіретін үш мәселе бар, олар: термоядролық қару, демографиялық жарылыс және бос уақыт. Бұл жерде бос уақытты адамзат үшін қауіп төндіруші құбылыс ретінде қарастырудың өзіндік мәні бар. Егер адам бос уақытында немен айналысуды білмесе, оның миы да, жүрегі де, адамгершілігі де бұзылары сөзсіз екендігі жайлы К.Д. Ушинскийдің сөзі ұлы Абайдың «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, Аздырар адам баласын» деген өлең жолдарымен астасып жатқандай. Қолы бос адам кез-келген қоғам үшін қауіп төндіретін әлеуметтік күшке айналары сөзсіз. Сондай-ақ, Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: «Екі нығмет бар, көпшілік адам сол екі нығметтің қадірін білмейді: бірі – денсаулық, екіншісі – бос уақыт».

Бос уақыт мәселесімен түрлі ғылым салаларының өкілдері: әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар, этнографтар, философтар айналысады және бұлардың әрі әрқайсысы бос уақытты өзінің зерттеу пәні тұрғысынан қарастырады. Солардың ішінде педагогика ғылымы оны тәрбие мәселесімен байланыстырады. Бұл дегеніміз, біздің бос уақыт пен бос уақыттағы тынығу әрекеттердің тұлға қалыптастырудың маңызды құралы екендігі жайлы пікірімізді нақтылайды.

«Бос уақыт біздің қоғам өмірінде не үшін қажет және оның маңыздылығы қандай?» деген сұрақта бос уақыттың қоғамдағы ширығуды жою, қоғамды тұрақтандыру, орын алуы мүмкін қақтығыстардың алдын алу үшін еркін қарым-қатынас жасау және адамдарды біріктіру және т.б. үшін қажеттілігі айқындалады. Адамның жұмыстан бос уақыт жағдайындағы жүзеге асырылатын саналы белсенді әрекеті *тынығу* және тынығу әрекетінің басты мақсаты адамның өз тұлғасы мен қоршаған әлемді тануға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады [8, 147 б.].

Тынығу жас ұрпақты рухани, жалпыадамзаттық құндылықтарға тарту үшін тиімді құрал болып табылады, оның жалпыадамзаттық мәдениетті, мәдени және әдеби құндылықтарды игеруде атқаратын рөлі ерекше. Тынығу әрекеттері өзінің иілімділігімен ерекшеленеді. Олар міндетті емес және адамның жеке қалауларына байланысты іске асырылады, ал бұл өз кезегінде олардың үнемі өзгеріп отыруына әкеледі. Әрі адамдардың тынығу шараларына деген дербес қалаулары сан алуан әрі шексіз [9, 789-795 бб.].

Психологиялық талдаулар балалардың ашықтығын, елгезектігін көрсетеді. Балалар бос уақыт жағдайында табиғат, қоршаған орта құбылыстарын бақылау, табиғаттың тылсым сырларымен танысу, музыканы, соның ішінде халықтың музыканы тыңдау, кітап оқу арқылы жан – дүниесін байытады, жаңа эмоционалдық тәжірибе жинақтайды. Бос уақыт жағдайындағы тиімді ұйымдастырылған қандай да бір әрекеттер ең алдымен адамның ішкі сұранысын, қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында оның әуестіктеріне бағдарланады. Бұл баланың өзіне құрмет қатынасын қалыптастыруға мүмкіндік береді, тіпті бала бойындағы қалыптасып келе жатқан кейбір мінез кемшіліктерін де тынығу әрекеттері арқылы жоюға болады.

Бос уақыт жағдайындағы мәдени-тынығу әрекеттері адам мінез-құлқындағы жауапкершілік, бастамашылдық, өзіне сенімділік, төзімділік, арлылық сияқты сапаларды қалыптастыруға әлеуетті. Осы уақыттағы тынығу әрекеттерін белсенді және енжар деп бөлетін болсақ, оның енжар түріне жататын кітап оқу, кино, теледидар баланы рухани толықтырудың тиімді құралдары болып табылады. Бүгінгі күні жас ұрпақ арасында өзекті мәселелердің бірі болып отырған кітап оқу жайлы француз философы Д. Дидро «Адам оқуды тоқтатқан кезде, ойлауды тоқтатады» деген болатын.

Ұлттық құрылтайда бүгінгі күні кітап ұстамайтын ұрпақ көбейгені жайлы айтылып, оны шешу жолдарына қатысты да пікірлер талқыланды. Осыған орай, қазіргі ғаламтор алаңына байланған жас ұрпақтың кітап оқу құмарлығын ояту, сол арқылы рухани мұралармен сусындату отбасынан басталып, бүкіл білім мен тәрбие мекемелерінің алдындағы жауапты міндет болып отыр. Ал бұл міндеттерді қалай шешуіміз біздің өскелең ұрпақтың бос уақытын тиімді әрекеттермен толықтыра алуымызға тікелей байланысты болмақ.

Адамның бос уақытын толтыратын әрекеттер жүйесі *тынығу әрекеттері, мәдени-тынығу жұмысы* деп аталады. Мәдени-тынығу жұмысының өзі рухани-шығармашылыққа негізделген, яғни ақыл-ой жұмыс түріне жатады. Мәдени-тынығу жұмысының тарихы мен теориясын зерттеуші отандық

ғалым Е.О. Омар «мәдени-тынығу жұмысы» ұғымының мәнін аша келе, оның «қол бос уақыт жағдайында әрбір адамның еріктілігі негізінде пайда болған әуесқойлықтарын ынталандыру факторына айналдырып, әлеуметтік-мәдени белсенділікті қалыптастыруға және мәдени демалысты ұйымдастыруға бағытталатынын» атап өтеді [10, 7 б.]. Яғни, мәдени-тынығу жұмысы арқылы адамдардың бос уақыттағы ерікті қарым-қатынастары барысында әлеуметтенуі, тұлғалық сапаларының, соның ішінде рухани құндылықтарының қалыптасуы жүзеге асады.

Ғалымдар мәдени-тынығу жұмысын адамның маңызды күштерін іске асыру және оның әлеуметтік-мәдени ортасын оңтайландыруда ықпалды құралдардың бірі екенін атап көрсетеді. Мәдени-тынығу жұмысының тұлға мен қоғамды түрлендіру, танудағы мүмкіндіктері орасан. Бұл жерде біз Е.М. Ключконың «мәдени-тынығу жұмысының адамның мәдениет әлемін игеруіне бағытталғандығын және оған серпін беретін түрткі жеке тұлғаның танымға, шығармашылыққа, қарым-қатынасқа, қоғамдық әрекеттерге, спортқа және іс-әрекеттің өзге түрлеріне қажеттілігі» екендігі жайлы пікірімен келісеміз [11, 14 б.].

Мәдени-тынығу жұмысының баланың тұлғалық сапаларын қалыптастырудағы рөлі оның атқаратын қызметтерімен анықталады. Мәдени-тынығу жұмысының теориясында оның атқаратын қызметтері келесідей анықталады: *дамыту; компенсаторлық; коммуникативтік; білімдерді нормаларды, құндылықтарды жинақтау, сақтау және тарату; әлеуметтендіру; гедонистік, әлеуметтік қатынастарды реттеу; тәрбиелік және ағартушылық*. Маңыздысы – мәдени-тынығу жұмысы өзінің пайда болып, қалыптаса бастаған алғашқы күнінен-ақ рухани құндылықтарды құру, тарату, жаңғырту міндеттерін жүзеге асыратындығы. Мәдени-тынығу жұмысы бос уақыт жағдайында жеке тұлға мен әлеуметтік топтардың әлеуметтік-мәдени белсенділігін, рухани дамуын іске асыратын кәсіби және қоғамдық іс-әрекеттер жүйесі болып табылады.

Бұл пікірімізді келесі анықтамамен нақтылай түскіміз келеді: «мәдени-тынығу қызметі дегеніміз жан-жақты жарасымды, шығармашыл белсенді тұлға қалыптастыру мақсатында қол бос уақыт жағдайында адамдардың рухани-мәдени құндылықтарды белсенді шығармашылықта меңгеруі үшін, көпшілікке таратуды қамтамасыз етуге бейімделген мамандандырылған қоғамдық мәдени-рухани өмірдің кіші жүйесі» [12, 51 б.].

Бос уақыт жағдайында балаларды мәдени іс-әрекетке тарту олардың өздерінің бос уақыттарын тиімді жоспарлауға және ұйымдастыруға дағдыландырады, қоғамның мәдени құндылықтарын бағдарлау, бос уақытты рухани қанықтыруға ұмтылу, өздерінің рухани қажеттіліктерін, көзқарастары мен құндылықтарын қанағаттандыруға бағытталған бос уақыттағы іс-әрекеттері оңтайлы таңдау қабілетін қалыптастырады.

Адам бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруда өзге өмір салаларымен бірге бос уақыт пен бос уақыттағы мәдени-тынығу жұмысының әлеуеті ерекше. Мәдени тынығу жұмысы жас ұрпаққа өз халқының мәдениетін, дәстүрлерін, тарихын тануға мүмкіндік бере отырып, одан әрі әлемдік тарихи-мәдени мұраларды тануға тартады, осылайша рухани құндылықтарды қалыптастырудың тиімді құралына айналады. Әрбір аумақтың, қаланың, тұтастай еліміздің рухани өмірі көптеген объективті және субьективті факторларға байланысты, соның ішінде әлеуметтік – мәдени орта инфрақұрылымының деңгейі мен азаматтардың еркіндігі, мәдени қозғалыстар мен бірлестіктердің қоғамдағы белсенді іс-әрекеттері маңыздылыққа ие.

Бүгінде өркениеттің қарқынды дамуы қоғамдық санада үлкен өзгеріс жасап отыр. Атап айтқанда, қоғамдық санада айналамыздағы барлық құбылыстың, оқиғалардың өлшемі адамзат баласы екендігі жайлы пікір берік орнықты. Заманауи адамға тек маман ретінде, өндірістік күш ретінде ғана қарамай, қоғамға өзгерісті енгізуге қабілетті тұлға ретінде қарау көзқарасы қалыптасты. Өйткені, кемелденген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру қоғам дамуының аса қажеттіліктегі заңды талабына айналды. Одан бөлек, дамыған елдерде техногендік мәдениеттен адамгершілікті – өркениетті (антропогенді) цивилизацияға көшу үрдісі нығаюда. Өркениетті елдерде адам қоғамның басты байлығы ретінде өмір сүру үшін және демалу үшін жұмыс істейді. Ал олардың қалауында өмір сүрудің бар мағынасы тек жұмыс істеу емес, демалудан ләззат алуды, көңіл көтеруді біріктіретін іс-әрекеттерге тартылумен анықталады. Осыдан келіп, қазіргі кезде бос уақытты тиімді пайдалану, тынығу әрекеттеріне қойылатын талаптар да артуда. Ал бұл бүгінгі күні мәдени-тынығу қызметтерінің мән-мағынасын түбегейлі өзгертті.

Мәдени-тынығу жұмысының басты нысаны – бос уақыт жағдайында адамдардың әлеуметтік-мәдени қызметін ұйымдастырудың құралдары, формалары болып табылады. Біз одан әрі мәдени-тынығу жұмысының формаларын жіктеп, олардың кейбірінің балалардың рухани құндылықтарын қалыптастырудағы әлеуетіне тоқталуды мақсат еттік.

Күрделі міндеттерді тәжірибеде жүзеге асыруда мәдени-тынығу жұмысының бұхаралық формасы басқа формаларға қарағанда көптеген артықшылықтарымен ерекшеленеді. Ол ең алдымен, оған қатысушылардың саны, мәнерлілік құралдарын қолдану аясының кеңдігі, өнердің алуан түрлері мен жанрларын кеңінен қолдану мүмкіндігі, тақырыптардың сан алуандығы, т.б. Мәдени-тынығу жұмысының бұқаралық жұмыс формалары ретінде тақырыптық көштер, бұқаралық мерекелер,

халықтық шерулер, концерттік бағдарламалар, флешмобтар, демалыс кештері, клуб бірлестіктері, үйірмелер, қолөнер шеберлерінің жәрмеңкелері, фестивальдер, т.б. анықталады.

Бос уақыт жағдайындағы рухани тәрбие жүйесінің басты бағыттарының бірі де осы бұқаралық жұмыстар. Бұқаралық жұмыс түрлері рухани-адамгершілік, тарихи-өлкетану, азаматтық-құқықтық, әскери-патриоттық және өзге де көптеген бағыттар бойынша іске асырылады.

Мәдени-тынығу жұмысының бұқаралық түрінің ең бір кең тараған, ықпалды формасы ретінде *мерекелер*, әсіресе, өнердің барлық түрлері мен жанрларын (поэзия, көркем сөз, театрлық және хореографиялық қойылымдар, вокал, цирк т.б.) үйлесімділікте біріктіре отырып, жас ұрпақтың тәрбиесінде үлкен маңыздылыққа ие.

Біздің қоғамымыздың шынайы өмір тәжірибесіне етене еніп кеткен мерекелер арқылы адамдар өздерінің әлеуметтік белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін, таным деңгейін жан-жақты еркін көрсету мүмкіндігіне ие болады.

Мәдени-тынығу жұмысының ерекше формасы ретінде мерекелерді зерттеуші ғалым Н.М. Андрейчук мерекенің қоғамның ең бір шоғырландырушы күші, бірнеше ғасырлар бойы қалпын бұзбай ұрпақтарды байланыстырушы берік желі екенін атап көрсетеді [13, 13 б.].

Әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан мерекелері адам үшін де, тұтастай қоғам үшін де құндылығын дәлелдеп келеді. Мерекелер адамзат ұрпағының ғасырлар бойы үздіксіз қарым-қатынастарында сынақтардан өткен құндылықтар жүйесін тірек ететін рухани-тәжірибелік іс-әрекеті болып табылады [14, 12 б.].

Мереке арқылы адам күнделікті тұрмыстық күйбең тіршіліктен босап, сергектік пен эмоционалдық көтеріңкілікке қол жеткізеді, қалыптасқан шектеулерден шығып, өзін-өзі шынайы көрсету мүмкіндігіне ие болады. Сондай-ақ, ең маңыздысы – мереке тақырыбы оған қатысушылардың азаматтық, саяси, мәдени мүдделерін білдіретін идеялар арқылы татулық, бірлік, ынтымақтастық сезімдерін қалыптастырады. Мерекеге арқау болған тақырып аясында қатысушылар халықтың ерлік дәстүрлерін, адамгершілік мұраттарын бойына сіңіреді.

Мерекелердің адамның рухани толығындағы маңыздылығын бірнеше сипатта көрсетуге болады:

- біріншіден, мереке қоршаған ортаны рухани игеруге әсер етеді;
- екіншіден, жеке тұлғаның өзін жан-жақты дамытуға мүмкіндік тудырады;
- үшіншіден, мерекелік әрекеттердегі символдық нышандарды ұғындыру арқылы ұлттық дүниетаным сабақтастығы сақталады;
- төртіншіден, мәдени мұра құндылықтары мерекелік әрекеттер ретінде ұсынылып, жас ұрпақтың санасына орнығуына мүмкіндік береді;
- бесіншіден, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін еркін көрсетуіне мүмкіндік береді;
- алтыншыдан, мереке қоғам мен жеке тұлғалардың рухани сұраныстарын қанағаттандырады.

Демек, әрбір мерекеде тәрбие жайлы ғылым ретіндегі педагогика заңдылықтары толықтай пайдаланылады. Бұл заңдылықтар ақпараттық-логикалық және эмоционалдық-эстетикалық құраушылардан тұратын мереке сценариінде неғұрлым үйлесімді көрініс табады. Бір ғана 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесінің мысалында мерекелердің балалардың рухани құндылықтарын қалыптастырудағы маңыздылығын айқындауға болады. Бұл мерекенің мақсаты балаларды ынтымақтастыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көпұлтты республикамыздың бірлігін нығайтуға өз үлесін қосатын ел Азаматын тәрбиелеу, түрлі ұлт өкілдерінің өзге ұлттың мәдениетіне, дәстүріне, тілі мен дініне деген құрмет сезімін тәрбиелеу болып табылады.

Бұл мерекенің елімізде өткізілуінің жалпы қалыптасқан форматы, мерекеге қатысты қалыптасқан ерекше дәстүрлер бар:

- мемлекет басшысының халқымызды осы бір жалпыхалықтық мерекемен құттықтауы;
- еліміздің түкпір-түкпірінде шығармашылық ұжымдар мен өнер жұлдыздарының қатысуымен мерекелік концерттер;
- балаларға арналған ойын алаңдарының жұмысының толықтай жүргізіліп, шығармашылық фестивальдар, байқаулар мен шерулер ұйымдастыру;
- түрлі ұлт өкілдерінің мәдени орталықтарының ұйымдастыруымен көрмелер, байқаулар, фестивальдар, көшпелі ұлттық мұражайларының жұмысы.

Жас ұрпақты өз халқының ұлттық құндылықтарына, жалпыадамзаттық құндылықтарға тартуда сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің жәрмеңкелері аясында ұйымдастырылатын *шығармашылық фестивальдары* өзінің тиімділігін дәлелдеп келеді. Бұл фестивальдарға қатысқан шығармашылық ұжымдар мен жеке тұлғалар сәндік-қолданбалы өнердің керамика, саздан жасалған бұйымдар, бойтұмарлар, әшекейлер, мүсіншелер, т.б. туындыларын ұсыну арқылы, халықтық өнерді көпшілік арасында дәріптеуге, жас ұрпақтың бойында ұлты үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыруға өз үлестерін кеңінен қосады. Ал, ән фестивальдері халықтың аспаптық және орындаушылық өнерін жаңғыртып, халық арасында насихаттауға, жас ұрпақты ұлттық өнерге тартуға апаратын даңғыл жол.

Өскекең ұрпақтың бойында азаматтық ұстанымдарды, Отаны мен ұлтына сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру басты орындарда тұрған бүгінгі күні жоғарыда аталған іс-шаралардың

барлығы да жас ұрпақты өз ұлтының ғана емес, өзге ұлттардың рухани мұраларымен, мәдениетімен танысуына, өзге ұлттың мәдениеті мен өнеріне құрмет сезімдерін тәрбиелеуге, өз халқы үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыруға, т.б. орасан ықпалын тигізеді.

Балалардың өздерін мұндай мәдени шараларды дайындау үрдісіне қатыстыруды белсендіру өте маңызды. Мұнда мәдени-тынығу жұмысы мамандары балалардың талғамдарын, сұраныстарын, қажеттіліктерін есепке ала отырып, іс-шаралар тақырыптарын, формаларын алмастырып, үйлестіріп отыруы қажет. Мәдени-тынығу жұмысы еркін жағдайда үйлесімді тұлғаны дамыту, жеке тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыру және жас ұрпақты мәдени мұраларға тарту, сондай-ақ балалардың шығармашылық белсенділіктерін арттыру үшін барлық қажетті жағдайларды құра алады.

Демек, мәдени-тынығу жұмысы балалардың бойында рухани құндылықтарды, адамгершіліктің қырларын, олардың бірлескен іс-әрекетке бейімділіктерін қалыптастыруда үлкен мүмкіндіктерге ие.

Қорытынды. Қазіргі күні біздің қоғамымыздың болашағына төніп тұрған ең басты қауіп экономикадағы дағдарыстар да, елдегі саяси ахуалдар да емес, басты қауіп жеке тұлғаның тоқырауы дер едік. Қазіргі Қазақстан жоғарыда айтып өткеніміздей үлкен рухани тоқырауды бастан өткеруде, ал бұл тоқырау өткен ғасырдың соңында шиеленісе түскен болатын. Біздің қоғамымызға жай ғана білімді емес, сонымен қатар рухани тұрғыдан бай, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, қандай да бір жағдайларда оң шешім қабылдай алатын, бірлескен іс-әрекетке бейім, жалпы айтқанда тек білімді ғана емес, тұлғалық сапаларды бойына сіңірген тәрбиелі азаматтар керек. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп Әл-Фараби бабамыз айтқандай, жас ұрпаққа берген заманауи жан-жақты біліміміз өзіміздің жауымызға айналмауы үшін, олардың тәрбиесіне баса назар аудару қажет. Жас ұрпақтың рухани құндылықтарын қалыптастыру тұтастай алғанда күрделі де көпқырлы үрдіс. Бұл үрдісті іске асыруға тұтастай отбасы, білім беру ұйымдары, қосымша білім беру ұйымдары тікелей қатысады.

Рухани құндылықтарды балалардың бойына қалыптастыру мәселесі мәдени-тынығу жұмысы саласының да басты міндеттерінің бірі болып табылады. Дегенмен, балалар арасында өткізіліп жатқан осы бағыттағы мәдени іс-шаралардың барлығы дерлік жас ұрпақтың тынығу сұраныстарына жауап беріп жатыр дей алмаймыз. Оның бірнеше себептерін анықтауға болады: қосымша білім беру мамандарының жеткіліксіздігі, балалардың қосымша білім беру ұйымдарының, тұрғылықты жерібойынша мәдени-тынығу мекемелерінің жеткіліксіздігі, ал барының материалдық-техникалық базасының сын көтермеуі, балаларды ерте жастан өз уақытынтиімді ұйымдастыру жұмысының жүйеленбеуі, т.б. Бос уақыт саласы жеке тұлғаның өзін-өзі еркін анықтау саласы болып табылатынын естен шығармауымыз керек. Біріншіден, бос уақыттағы тынығу әрекеттері балалардың рухани құндылықтарын қалыптастыру үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Ал екіншіден, өзін-өзі еркін анықтау мүмкіндігі баланың жағымды құндылықты бағдарларының болмауымен үйлескен кезде оның тұлғасының қалыптасуына кері әсерін тигізуі мүмкін. Бұл жағдай біздің алдымызға тынығу саласы мен мәдени-тынығу жұмысының құралдарының әлеуетін мақсатты пайдалану мүмкіндіктері мәселесін терең қарастыру мәселесін қояды. Мәдени-тынығу жұмысы саласындағы рухани құндылықтарды қалыптастыру, әсіресе, бүгінгі күні мемлекеттік деңгейдегі міндетке айналып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 **Žumárová M.P. Computers and children's leisure time** [Text] / M.P. Žumárová // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2015. – Vol.176. – P.779-786.
- 2 **Кант И. Критика чистого разума** [Текст] / И. Кант. – М., 2020. – 567 с.
- 3 **Риккерт Г. Науки о природе и науки о культуре** [Текст] / Г. Риккерт. – М., 2008. – 413 с.
- 4 **Ғабитов Т.Х., Өмірбекова М.Ш. Мәдениеттану негіздері** [Мәтін] / Т.Х. Ғабитов, М.Ш. Өмірбекова. – Алматы, 2003. – 240 б.
- 5 **Алтаев Ж.А. Ғылым тарихы мен философиясы** [Мәтін] / Ж.А. Алтаев. – Алматы: Раритет, 2007 – 320 б.
- 6 **Әбуов Ә.Е. Жаһандану жағдайындағы ислам әлемі** [Мәтін]: Монография / Ә.Е. Әбуов – Алматы: МИР, 2019. – 312 б.
- 7 **Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығы** [Электрондық ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/bilim-semey/documents/details/744522> (Жүгінген күні 4 қараша 2024).
- 8 **Жарков Д.А. Теория и технология культурно-досуговой деятельности** [Текст] / Д.А. Жарков. – М., 2007. – 480 с.
- 9 **Jin Z., Bansal P., Axhausen K. A novel approach to study the role of social networks in planning joint leisure activities** [Text] / Z. Jin, P. Bansal, K. Axhausen // Transportation Research Part A: Policy and Practice. – 2025. – Vol. 192. – P. 789-795.
- 10 **Омар Е.О. Мәдени-тынығу жұмысы теориясы** [Мәтін] / Е.О. Омар. – Шымкент, 2022. –192 б.
- 11 **Клюско Е.М. Культурно-досуговая деятельность населения России (1945-1985 гг). Теоретико-методологический и исторический аспекты** [Текст] / Е.М. Клюско. – М.: МГУКИ, 2007. – 161 с.

- 12 Шулунова Л.И., Уалиханова А. Мәдени-тынығу қызметінің теориясы [Мәтін] / Л.И. Шулунова, А. Уалиханова. – Шымкент, 2024. – 128 б.
- 13 Андрейчук Н.М. Краткий курс истории и теории праздничной культуры: учебное пособие [Текст] / Н.М. Андрейчук. – Санкт-Петербург: Лань: Планета музыки, 2024. – 332 с.
- 14 Лазарева Л.Н. История и теория праздников: Учебное пособие [Текст] / Л.Н. Лазарева. – Челябинск: ЧГИК. – 2017. – 251 с.

REFERENCES:

- 1 Žumárová M.P. Computers and children's leisure time. *Procedia – Social and Behavioral Sciences*, 2015, vol.176, pp. 779-786.
- 2 Kant I. *Kritika chistogo razuma* [Critique of pure reason]. Moscow, 2020, 567 p. (In Russian)
- 3 Rikkert G. *Nauki o prirode i nauki o kul'ture* [Natural sciences and cultural sciences]. Moscow, 2008, 413 p. (In Russian)
- 4 Gabitov T.H., Omirbekova M.Sh. *Madeniiettany negizderi* [Fundamentals of cultural studies]. Almaty, 2003, 240 p. (In Kazakh)
- 5 Altaev Zh.A. *Gylm tarihy zhane filosofiyasy* [History and philosophy of science]. Almaty, Raritet, 2007, 470 p. (In Kazakh)
- 6 Abuov A.E. *Zhahandanu zhagdaiyndagy islam alemi* [Islamic world in the context of globalization]. Almaty, MIR, 2019, 312 p. (In Kazakh)
- 7 Bilim беру uymdarynda «Birtutas tarbie» bagdarlamasyn bekitu turaly Kazakstan Respublikasynyn Oku-agartu ministrinin 2024 zhylygy 30 mausymdagy No 194 bujrygy [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan No. 194 dated June 30, 2024 on approval of the "Integrated Education" program in educational organizations]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/bilim-semey/documents/details/744522> (accessed 4 November 2024). (In Kazakh)
- 8 Zharkov D.A. *Teoriya i tehnologiya kul'turno-dosugovoj deyatel'nosti* [Theory and technology of cultural and leisure activity]. Moscow, 2007, 480 p. (In Russian)
- 9 Jin Z., Bansal P., Axhausen K. A novel approach to study the role of social networks in planning joint leisure activities. *Transportation Research Part A: Policy and Practice*, 2025, vol.192, pp. 789-795.
- 10 Omar E.O. *Madeni-tynygu zhumysy teoriiasy* [Theory of cultural and leisure activities]. Shymkent, 2022, 192 p. (In Kazakh)
- 11 Klyusko E.M. *Kul'turno-dosugovaya deyatel'nost' naseleniya Rossii (1945-1985 gg). Teoretiko-metodologicheskij i istoricheskij aspekty* [Cultural and leisure activities of the Russian population (1945-1985). Theoretical, methodological and historical aspects]. Moscow, MGUKI, 2007, 161 p. (In Russian)
- 12 Shulunova L.I. *Madeni-tynygu kyzmetinin teoriyasy* [Theory of cultural and leisure activities]. Shymkent, 2024, 128 p. (In Kazakh)
- 13 Andrejchuk N.M. *Kratkij kurs istorii i teorii prazdnichnoj kul'tury* [A short course on the history and theory of holiday culture]. Saint Petersburg, 2024, 332 p. (In Russian)
- 14 Lazareva L.N. *Istoriya i teoriya prazdnikov* [History and theory of holidays]. Chelyabinsk, ChSIK, 2017, 251 p. (In Russian)

Авторлар туралы мәліметтер:

Уалиханова Айнур* – «8D11120 Мәдени-тынығу жұмысы» ББ бойынша PhD докторанты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 160011 Шымкент қ., Қонаев даңғ. 68, тел.: +7-701-675-64-37, e-mail: u_ainura@mail.ru.

Абуов Амрекул Ергешович – философия ғылымдарының докторы, мәдени және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 160011 Шымкент қ., Қонаев даңғ. 68, тел.: +7-701-929-22-27, e-mail: auk.kz@mail.ru.

Кайа Камиль – PhD, әлеуметтану кафедрасының профессоры, Гелишим университеті, Түркия, 34000 Стамбул қ., Авджиляр, Джихангир, Шехит Жан. Ком. Эр Хакан Онер көш. 3, тел.: +90(533)7292385; e-mail: kakaya@gelisim.edu.tr.

Уалиханова Айнур* – PhD докторант ОП «8D11120 – Культурно-досуговая работа», Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Республика Казахстан, 160011, г. Шымкент, просп. Кунаева 68, тел.: +7-701-675-64-37, e-mail: u_ainura@mail.ru.

Абуов Амрекул Ергешович – доктор философских наук, профессор кафедры культурной и социальной работы, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Республика Казахстан, 160011, г.Шымкент, просп. Кунаева 68, тел.: +7-701-929-22-27, e-mail: auka.kz@mail.ru.

Кайа Камиль – PhD, профессор кафедры социологии, университет Гелишим, Турция, 34000, г. Стамбул, Авджиляр, Джихангир, ул. Шехит Жан. Ком. Эр Хакан Онер, 3, тел.: +90(533)7292385, e-mail: kakaya@gelisim.edu.tr.

Ualikhanova Ainur* – PhD student, "8D11120 Cultural and leisure activities" educational program, M.Auezov South Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 160011, Shymkent, 68 Kunayev Ave., tel.: +7-701-675-64-37, e-mail: u_ainura@mail.ru.

Abuov Amrekul Yergeshovich – PhD, Professor of the Department of cultural and social activities, M.Auezov South Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 160011, Shymkent, 68 Kunayev Ave., tel.: +7-701-929-22-27, e-mail: nauka.kz@mail.ru.

Kaya Kamil – PhD, Professor of the Department of sociology, Gelishim University, Turkey, 34000 Istanbul, Avclar, Cihangir, 3 Shehit Jean Com. Ercan Oner Str., tel.: +90(533)7292385, e-mail: kakaya@gelisim.edu.tr.

XFTAP 14.31.09

ӨОЖ 384.2

<https://doi.org/10.52269/RWEP2522285>

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Уристенбекова Г.Қ.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Кошкарлова М. – магистр, педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Жорокпаева М.Д. – педагогика ғылымдарының кандидаты, жалпы білім беру пәндері кафедрасы доцентінің м.а., Семей медицина университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы.

Абилхаирова Ж.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі ББ қауымдастырылған профессоры, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы.

Қазіргі білім беру процесінде білім алушының дүниетанымын байыту, адамгершілік қасиеттерін арттыру, ұлттық ұстанымы мен ұлттық код бейнесін қалыптастыру – маңызды зерттеулердің бірі. Зерттеудің өзектілігін, теориялық негіздерін анықтауда нормативтік құжаттарға және ғылыми зерттеулерге талдау жүргізіліп, «ұлттық құндылық» ұғымының мәні нақтыланды. Мақалада ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететін цифрлық технологияларды қолдану, мәдени мұраларды виртуалды мұражай әдістері арқылы талдау, педагогикалық іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру мәселесі қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – цифрлық технологияларды болашақ педагог-психологтардың ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың құралы ретінде қарастыру. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2023-2024 оқу жылының I-ші семестрінде жүргізілді. Зерттеуге ЖОО-ның 3 курс білім алушылары қатысты. Зерттеу барысында білім алушылардың зерттеу мәселесіне қатысты ой-пікірлері мен көзқарастарын білу мақсатында авторлық сауалнама алынды. Сауалнамада Ликерт шкаласы қолданылды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінде – сауалнама алынды; қалыптастыру кезеңінде – ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған 12 сағаттан тұратын әдістемелік семинардың бағдарламасы әзірленіп, оқу процесінде іске асырылды; бақылау кезеңінде – әдістемелік семинардың тиімділігін анықтау мақсатында сауалнама қайта алынып, нәтижесі ұсынылды. Біз ұсынған әдістемелік семинардың тиімділігі дәлелденді.

Түйінді сөздер: ұлттық сана, мәдени мұра, виртуалды мұражай, идея, ұлттық бағдар, құндылық.

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Уристенбекова Г.Қ.* – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры методики начального обучения, Южно-Казахстанский государственный университет им. У. Жанибекова, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Кошкарлова М. – магистр, старший преподаватель кафедры педагогики, Центрально-Азиатский инновационный университет, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Жорокпаева М.Д. – кандидат педагогических наук, и.о. доцента кафедры общеобразовательных дисциплин, Медицинский университет Семей, г. Семей, Республика Казахстан.

Абилхаирова Ж.А. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор ОП «Педагогика, психология и методика начального обучения», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.